

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Жалағаш ауданы Таң ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 2 шілдедегі №20 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Таң ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 32 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 14 қазанда № 24756 болып тіркелді

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жалағаш аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2021 жылғы 4 тамыздағы № 216 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Таң ауылының С.Сейфуллин, А.Құнанбаев, Қарасу көшелері аумағында бруцеллез ауруының ошақтарын жою бойынша кешенді ветеринарлық іс-шаралары жүргізілуіне байланысты белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Жалағаш ауданы Таң ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 2 шілдедегі № 20 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23401 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Таң ауылдық округі әкімі

К. Сейдахметов